Бекітемін
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің "Болашақ"
балабақшасы КМҚК
меңгерушісінің у.м. а.
_____ Қалиақперова Ү.М
"30" 10 2026ж

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша талдамалық анықтама

«30» қазан 2026 жыл **Күршім ауылы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабың 5-тармағына, Казақстан Республикасы Мемлекетік қызмет істері жане сыбайлас жемқорлыққаа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тауекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, «Болашақ» балабақшасы КМКК меңгерушісінің 30.09.2026 ж. № 40 бұйрығы негізінде (бұдан әрі-Бөлім) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Конарбаева Э.Ж — әдіскер, жұмыс тобының төрағасы;
Нугумарова Г.Н — тәрбиеші, жұмыс тобының мүшесі,
Хаметова А.Г — тәрбиеші, жұмыс тобының мүшесі,
Избасарова Н.Н - есепші, жұмыс тобының мүшесі,,
Мужебаева М.Ж— тәрбиеші, жұмыс тобының хатшысы.

Мекеменің қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі болып табылады.

Сыбайлас жемкорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезең
2026 жылғы 2 казанда басталып, 2026 жылгы 20 казанда аякталды.
Бакылау кезеңі - 2026 жылғы 03 қазаннан 2027 жылғы 01 казанға дейін.
Талдау кестесі бағыттар бойынша жүргізілді.
1) нормативтік құқықтық акттерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2)Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Шығыс Казақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің

«Болашақ» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорын болып табылады.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге,сондай – ақ Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №496 «Мемлекеттік мекемелердің мүліктік кешендерін аудандардың (қалалардың) коммуналдық меншігінен облыстық коммуналдық меншікке қабылдау туралы» қаулысымен бекітілген,сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі,«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тузеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламалары, Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылтын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары; Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары; Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі; Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртбі, Мектепке дейнгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар; Өрт қауіпсіздігі қағидалары; Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары; Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұиымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік- техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы; Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге

асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұскаулыққа сәйкес жүзеге асырады.

Ішкі талдаумен Қазақстан Республикасының келесідей нормативтік құқықтық актілері қамтылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік - процестік кодексі», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасындағы) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы.

1. Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1 .«Болашақ» балабақшасы» ҚМҚК штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің 43 бірлігі қарастырылған, 2025 жылдың 2 қарашасында нақты саны — 39, барлық еңбек шарттар «enbek.kz» порталында тіркелген, бос лауазымдық орындар жоқ.

Барлық педагогикалық кадрлар қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келеді, барлықтарының арнайы мектепке дейінгі педагогикалық білімі бар. Жарамсыз қылықтармен жұмыстан босатылғандар, лауазымы бойынша төлемегендер, алмастырулар болған жоқ. Бұрын жемқорлық құқықбұзушылық жасаған, қылмыстық іс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау болған емес. Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша.

1 . Кәсіпорынның аттестаттау комиссиясының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнен жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді

және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі қағидалар) бұйрығы қаралды.

Көрсетілген қағидаларға сәйкес кәсіпорын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын лауазымдарды атқаратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізеді.

Бұйрыққа сәйкес педагог санатына үміткер педагоггар КМҚК «Болашақ» балабақшасына өтініш береді.

Қазіргі уақытта «Болашақ» балабақшасы бойынша жоғарыда аталған рәсімде тәуекелдер жоқ, өйткені «Ustaz» ақпаратгық жүйесі енгізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы байқалмайды.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету

КМҚК «Болашақ» балабақшасы мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Олар: балаларды қабылдау және педагогтерді аттестациялау. Балаларды балабақшаға қабылдау, «Balabaqsha SmartNation» порталы арқылы жүзеге асады, осы қызмет бойынша ешқандай бұзушылықтар болған жоқ.

Көрсетілген қызметті берушінің қызмет алушымен тікелей байланысын болдырмау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік қызметтер электрондық түрде ұсынылады. «Balabaqsha SmartNation» порталы жаңадан енгізілген жүйе болғандықтан ата-аналарға арналған нұсқаулықтар балабақшаның «bolashak2012» инстаграм парақшасында жарияланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күні осы портал аркылы , 45 электрондық қызмет көрсетілді, бұл рәсімнің ашықтығын қамтамасыз етеді және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырады.

Кәсіпорында ата-аналарға арналған сенім жәшігі ұйымдастырылған, оған түскен шағымдар мен ұсыныстарды бақылауда, сондай-ақ «e-otinish» порталына түскен өтініштерді уақытылы қабылдап, тексеріліп отырады. Балабақша топтарының қабылдау бөлмелерінде балабақша туралы ақпаратта электрондық пошта мекенжайы көрсетілген, түскен хаттарға жауап беріліп отырады.

Педагогтерді аттестаттау бойынша.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 «Мектепке дейнгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагоггерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығының 123 бабына сәйкес, бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа

жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.

Сонымен қатар, осы бұйрықтың 124-тармағы бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар, сондай-ақ ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаты бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді. Бұйрықтың 50 - тармағында Жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады.

Колда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Біліктілік санатының колданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру ұйымының басшысы шығарады. Бұйрықтың күші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Зейнеткерлік жасы " Қазақстан Республикасында зейнеткерлік қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасыньщ Заңында белгіленген.

Қорытынды: 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар адамдарға тестілеуден негізсіз өтудің сыбайлас жемқорлык тауекелі бар.

Балабақшада жоғарыда аталған санаттарға сәйкес келетін педагогтар жоқ.

Ұсыныс: Балабақша педагогтарымен Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығының 123 және 124 тармақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Ақша жинау бойынша.

Тағы бір маңызды мәселе-білім беру мекемелеріндегі «қаражат жинау». бүгінгі таңда балабақшалар мен мектептерде ұйымдастырушылық маселелермен, соның ішінде ақша жинаумен айналысатын «Қамкоршылық кеңестер» белсенді жұмыс істейді. Бұл ретте алымдардың мақсаттары, мерзімдері мен мөлшері білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қалауы бойынша белгіленеді. Шын мәнінде, бұл ата-аналар мен білім беру мекемелерінің қызметкерлері қабылдаған тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың кең таралған түрі.

Ата-аналардың көпшілігі білім беру саласындағы сыбайлас жемкорлықты жоюға күш салмайды және ата-аналық төлемдер арқылы жабылатын сыйлықтар мен басқа да шығындар үшін әр түрлі алымдарды норма деп санайды. Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде « Білім туралы» және «Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары бұзылады.

Балабақшаның «Қаражат жинауға тыйым салу туралы» 2024 жылдың 28 наурыздағы 25 бұйрығымен, заңсыз қаражат жинауга жол бермеу мақсатында балабақша қызметкерлерімен, тарбиеленушілердің ата-аналары(заңды өкілдерімен) түсіндірме жұмыстары жүргізілді, осы бұйрықпен таныстырылды. Балабақша меңгерушісіне, әдіскер, тарбиешілеріне және мамандарына сыйлыққа ақшалай қаражат жинауға тыйым салынуда.

Ұсыныс: жоғары тұрған органның алдында« Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ата-аналардың білім беру жүйесінде ақша жинау

жөніндегі жауапкершілігіне толықтыру енгізу туралы ұсынысқа бастамашылық жасау.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметін ұсыну кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көрсетілетін қызметті алушы мемлекетік қызметті алуға: алынған кірістер туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастырушылардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа да қызмет түрлерінен түсетін кірістер, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент түріндегі кірістер) - жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін.

Көрсетілетін қызметті берушіге керсетілетін қызметті алушының табысын есептеуге және «жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар» Мәртебесін беруге өкілеттік берілген, яғни «аз қамтылған отбасы», бұл белгілі бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

«Педагогтерді аттестаттаудан еткізу үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін ұсынған кезде құжаттар ақпараттық жүйе арқылы ұсынылады, алайда аттестаттау қағидалары мен стандарттарға сәйкес балама негізде қағаз түрінде ұсынылуы мүмкін.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін осы қызметті электрондық түрде ұсынған дұрыс болар еді. Бақылау кезінде қызмет ақпараттық жүйе арқылы көрсетілді.

Әр квартал сайын көпбалалы және аз қамтылған отбасы балаларының тізімі жаңартылып отырады. Ол тізім Күршім ауылдық округінің әкімімен келісіліп және балабақша меңгерушісімен бекітіледі. «Болашақ» балабақшасында» жалпы тегін тамақтанатын балалар саны 23. Барлық ата-аналардың «көп балалы» статусын растайтын көк кітапша көшірмелері және балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері жинақталған. Аз қамтылған отбасылардың «Egov.kz» порталынан статусын растайтын анықтамалары бар.

3. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

«Болашақ» балабақшасында» КМҚК штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің 43 бірлігі қарастырылған, 2026 жылдың 2 қарашасында нақты саны -39.

Балабақша қызметкерлерін жұмысқа қабылдау алдында соттылығы бар-жоқ туралы анықтамалар алынады. Барлық қызметкерлер соттылыққа тексерілген.

Барлық педагогикалық кадрлар қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келеді, барлығының арнайы мектепке дейінгі педагогикалық білімі бар. Жағымсыз қылықтармен жұмыстан босатылғандар, лауазымы бойынша төмендегендер, алмастырулар болған жоқ. Бұрын жемқорлық құқықбұзушылық жасаған, қылмыстық іс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау болған емес. Кәсіпорынның қызметіне

катысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша.

Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өту.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру курстарынан өту мерзімдері мен тәртібі сақталған. 2026 жылы 11 педагог курстан өтті.

Бақыланатын кезеңде балабақшаның педагогтері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

4. Мүдделер қақтығысын реттеу.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14 бабының 1 тармағына сәйкес, Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын коспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға Теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар калалардың, аудандық маңызы бар калалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидатгарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей байланысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезінде жақын туыстарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері, бөлімде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Ұсыныстар:

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 15-бабының 3.1-тармағына, 3.2-тармағына сәйкес мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сыбайлас жеморлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде жан-жақты шаралар қабылдау.

5. Бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру.

Мекемеге бақылау-қадағалау функциялары берілмеген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды одан әрі күшейту», оның тиімділігін арттыру мақсатында:

1) Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл жөніндегі жоспардың іс-шараларын орындауға;

2) қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын тұрақты негізде өткізуге;

3) ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

6. Жеке және заңды тұлғалардың өтініші.

Мекемеде азаматтардың өтініштерін уақтылы қарауға, бақылауды жүзеге асыруға жауапты қызметкер бар.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап «**Е-Өтініш**» жүйесі енгізілді, онда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің (бұдан әрі — АППК) талаптарына сәйкес өтініштерді тіркеу, есепке алу және өңдеу жүргізіледі.

Мекеме ғимаратында көрнекті және қолжетімді жерде жеке және заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне өтініштері үшін жәшік орнатылған. Қызметкерлердің заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ.

III. Қорытынды бөлім

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Болашақ» балабақшасы КМҚК жұмыс тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша колданыстағы НҚА-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін балабақша ішілік шараларды ары қарай жандандыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері балабақшаның интернет ресурсында орналастырылсын.

Жұмыс тобының төрағасы:

Конарбаева Э.Ж

Жұмыс тобының мүшелері:

Нугумарова Г.Н

Хаметова А.Г

Избасарова Н.Н

Мужебаева М.Ж



Бекітемін
"Болашақ" балабақшасы
КМҚК меңгерушісінің у.м. а.
_____ Қалиақперова Ү.М
"__"_____20 23ж

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі "Болашақ" балабақшасы КМҚК

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Балабақша меңгерушісі	- балабақша қызметін ұйымдастыру - жеке және заңды тұлғаларға қатысты талдамалық материалдармен жұмыс	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану
2	Директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары	- балабақша қызметін ұйымдастыру - жеке және заңды тұлғаларға қатысты талдамалық материалдармен жұмыс	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану
3	Бас бухгалтер	- мекемеде бухгалтерлік есепті жүзеге асыру - толық бухгалтерлік мекемені, оның мүліктік жағдайын қалыптастыру және уақтылы ұсыну - жеке және заңды тұлғаларға қатысты талдамалық материалдармен жұмыс	Лауазымды адамның материалдық қажеттіліктерін немесе өзге де жеке мүдделерін қанағаттандыруға байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану - жеке және заңды тұлғаларға қатысты аналитикалық материалдармен байланысты ақпаратты есепке алу

ANTIKOR

КАРТА КОРРУПЦИОННЫХ РИСКОВ





ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

ЭКОЛОГИЯ

- загрязнение окружающей среды
- негативное влияние на здоровье населения

1. Загрязнение воздуха превышает нормы ВОЗа в 1,5 раза (PM2.5 = 7.5 μg/m³).
2. ВКО входит в 5-ку по онкозаболеваниям в стране.
3. Лидер по смертности (заболевания легких) 18,8 тыс. чел.

СОЦИАЛЬНАЯ СФЕРА

- образование
- здравоохранение
- социальная поддержка

1. Неэффективное расходование средств: хищение бюджетных средств, выделяемых на развитие занятости.
2. Коррупционные риски при получении социальной помощи.

ДРАГОЦЕННЫЕ МЕТАЛЛЫ

- преступные схемы вокруг оборота драгметаллов

1. ВКО производит 32% золота, серебра, меди и свинца страны.
2. Распространены случаи контрабанды драгметаллов.
3. Риски теневого оборота драгметаллов.

СТРОИТЕЛЬСТВО

- риски неисполнения обязательств и хищение бюджетных средств

1. Строительство и ремонт гидросооружений. Ежегодно из областного бюджета выделяется свыше 250 млн тенге, при этом до сих пор есть проблемы с паводками.
2. Строительство 60-ти квартирного жилого дома в г.Риддер: начато 25.06.2020 г. Строительство объекта заморожено с 2022 года.

АВАРИЙНОЕ И ВЕТХОЕ ЖИЛЬЕ

- расходование бюджетных средств, выделенных на реновацию и модернизацию жилищного фонда
- очередность при предоставлении жилья лицам, жилища которых признаны аварийными или ветхими

1. Риски хищения бюджетных средств, выделенных на обновление жилищного фонда.
2. Соблюдение очередности.
3. В 2022 году в стране насчитывалось почти 2 тыс. аварийных жилых домов, что на 8,3% больше по сравнению с 2021 годом.



ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС

- хищение и незаконное распределение субсидий, кредитов
- выделение земель сельскохозяйственного назначения
- контроль за целевым расходованием бюджетных средств, выделенных на поддержку агропромышленного комплекса

1. Непрозрачное распределение субсидий, предпочтения отдельным СХТП.
2. Махинации с господдержкой сельского хозяйства.
3. Хищения бюджетных средств, выделенных на поддержку агропромышленного комплекса.
4. Нехватка пастбищных угодий.

ДОРОГИ И ИНФРАСТРУКТУРА

- некачественное строительство и ремонт дорог, инженерных сооружений, хищение при их реализации

1. Реконструкция автодороги Калбатау-Майкапшагай, сумма договора составила 155,7 млрд. тенге.
2. Нарушение сроков строительства и ремонта дорог. Завышение стоимости ремонтных работ.

СЕЙСМИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

Расходование бюджетных средств, выделенных на обеспечение сейсмической безопасности.

ПРОБЛЕМНЫЕ ОБЪЕКТЫ СТРОИТЕЛЬСТВА

11 объектов строительства.

ТЕПЛОВЫЕ ЭЛЕКТРОСТАНЦИИ

- расходование бюджетных средств, выделенных на содержание, ремонт, реконструкцию и строительство ТЭЦ

1. Риски нецелевого использования, завышение сметной стоимости оборудования и выполненных работ.
2. Изношенность оборудования.

БИЗНЕС

Административные барьеры при осуществлении предпринимательской деятельности.